

Ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 606 қаулысы.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау, ұлттық экономиканы дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында шығарылмайтын тауарларды қоспағанда, осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша шет мемлекеттерде шығарылатын тауарларды (бұдан әрі – тауарлар) ұлттық режимнен алып тастау белгіленсін.

2. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізіліміндегі әлеуетті өнім беруші шығарған тауарлардың мемлекеттік сатып алуға қатысуына рұқсат етілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және екі жыл бойы қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 24 тамыздағы
№ 606 қаулысына
қосымша

Ұлттық режимнен алып тасталатын, шет мемлекеттерде шығарылатын тауарлар тізбесі

Р/с №	Атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды	ТЖҚ БНА
1.	Ескерткіштерге, әрлеу мен құрылысқа арналған өңделген тас (тас – жиектас, төсемтас, декоративтік элементтер; травертин; тақта; гранит тақтасы; гранит)	6801000000 6802100000 6802230000 6802290001 6802290009 6802920000 6802931000 6802939000 6802991000 6802999000 6803001000	237012.600.000007 237012.600.000008 237012.600.000009 237012.600.000010 237012.600.000011 237012.600.000012 237012.100.000000 237012.100.000001 237012.100.000003 237012.100.000004 237012.600.000000 237012.600.000001 237012.600.000002 237012.600.000003

		6803009000	237012.600.000004
			237012.600.000005
			237012.600.000006

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК